

**ҚР ДСМ «ТРАНСФУЗИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК
ОРТАЛЫҒЫ» ШЖҚ РМК**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаудың нәтижелері бойынша
талдамалық анықтаманы жария талқылаудың

№ 1 ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

2025 жылғы «09» сәуір

Кәсіпорынның толық атауы: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - ТҒӨО).

Орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Керей көшесі, Жәнібек хандар, №10 үй.

Іс-шараның бастамашысы – Рахимжанов Н.А. – ТҒӨО комплаенс-офицері.

Хатшы-референт – Даут А.Б.

Қатысқандар: әкімшілік-басқару персоналы, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, аға зертханашылар, мейіргерлер.

Күн тәртібі: ҚР ДСМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау (СЖТІТ).

Баяндамашы - Рахимжанов Н.А. (анықтама қоса беріліп отыр).

СЖТІТ нәтижелері туралы талдамалық анықтаманы баяндағаннан кейін Н.А. Рахимжанов заңгердің ТҒӨО Маркетинг және мемлекеттік сатып алу бөлімі бастығының қарамағында болуына байланысты мүдделер қақтығысы туралы тұжырым жасады.

Осылайша, Қазақстан Республикасында заңгердің тәуелсіздігі құқықтық жүйенің жалпы қағидаттарын және әртүрлі саладағы заңгерлер қызметінің ерекшеліктерін көрсететін бірнеше негізгі нормативтік құқықтық актілермен реттеледі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы

1 және 4-баптар:

Заңның үстемдігін белгілейді, бұл құқықтық қатынастардың барлық қатысушыларының, соның ішінде заңгерлердің кәсіби қызметінің тәуелсіздігін білдіреді.

2. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI ҚРЗ Заңы

6-бап – Заң көмегін көрсететін тұлғалардың тәуелсіздігі:

Заңгерлердің (адвокаттар, заң кеңесшілері) заң көмегін көрсету кезінде шешім қабылдауда тәуелсіз болуын қамтамасыз етеді. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың қызметіне араласуға тікелей тыйым салады.

3. «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ Заңы

Барлық нормативтік құқықтық актілердің құқықтық сараптамасын

қамтамасыз етуге міндеттейді.

Заңдар мен Конституцияға қайшы келмеу үшін заңгерлер актілердің жобаларын талдау кезінде тәуелсіз болатынын білдіреді.

4. Адвокаттар мен заң кеңесшілерінің кәсіби этика кодексі Республикалық адвокаттар алқасы бекіткен және заңгерлер мінез-құлқының этикалық стандарттарын регламенттейді.

Клиенттердің құқықтарын қорғаудағы тәуелсіздік пен объективтілік қағидаты міндетті болып бекітіледі.

5. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы Қызметкерлерге, оның ішінде заңгерлерге мүдделер қақтығысы мен қысымды болдырмау шараларын қарастырады.

Заңгерлер объективті қорытындыны берген кезінде басшылықтың қысымынан қорғалған болу керек.

Осылайша, мыналар ТҒӨО заңгерінің ММСБ-дан тәуелсіз болу үшін негізгі аргументтер болып табылады:

1. Функциялардың ара-жігін бөлу

Заңгер құжаттарға құқықтық сараптама жүргізеді, қорытынды береді және ұйым қызметінің заңдылығын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік сатып алу бөлімі сатып алу рәсімдерін жүргізгені үшін жауапты және бұл шаруашылық функция болып табылады.

2. Нормативтік реттеу

«Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңына сәйкес заң сараптамасы тәуелсіз болу керек.

Мемлекеттік қызметшілер мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің Әдеп кодексіне сәйкес заңгер заңдылық пен бейтараптық қағидаттарын сақтауға тиісті.

3. Мүдделер қақтығысының тәуекелдері

Заңгер сатып алу бөлімінің бастығына бағынатын болса, оның құқықтық ұстанымы сатып алу бөлімінің мүдделеріне байланысты бола алады және бұл заңнаманы бұзу қаупін тудырады.

ҚОРЫТЫНДЫ:

ТҒӨО заңгері сатып алу бөлімінің бастығына емес, тікелей ұйымның басшысына немесе басқа тәуелсіз бөлімшеге (мысалы, Бас компанияның заң департаментіне) бағыну керек.

Сөз сөйлегендер:

Карагойшина А.С. - Маркетинг және мемлекеттік сатып алу бөлімінің заңгері:

Заңгер Маркетинг және мемлекеттік сатып алу бөлімінің құрамында заңгердің болуы ұйымдық тұрғыдан негізделгенін, заңнаманы бұзбайтынын және сатып алу қызметінің заңдылығын, ашықтығын және құқықтық қолдауды қамтамасыз етуге бағытталғанын айтты. Мүдделер қақтығысының қауп-қатері фактілер арқылы расталмады.

Рахимжанов Н.А. – ТҒӨО комплаенс-офицері

Мемлекеттік сатып алу бөлімінде заңгердің болу қажеттілігі айтылды, алайда іс жүзінде лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес заңгердің қызметі жеке бөлімнің емес, ТҒӨО жұмысының барлық салалары мен бағыттарының жұмысын қамтитынын атап кетті. Заңгердің міндеттеріне құқықтық құжаттарды әзірлеу және сараптау, Орталықтың мүдделерін қорғау және ММСБ функцияларынан тыс бірқатар басқа мәселелер кіретінін растайтын заңгердің лауазымдық нұсқаулығының тармақтары келтірілген.

Абдрахманова С.А.- ТҒӨО Басқарма төрағасы:

Заңгердің құқықтық жүктемесі негізінен мемлекеттік сатып алуларға байланысты екені және заңгердің бөлімде болғаны ыңғайлы болғанын атап кетті. Басқарма Төрағасының пікірінше, мүдделер қақтығысы шартты болып көрінеді, заңды тәуелсіздік сақталады.

Ресми түсініктеме алу үшін ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне сұрау жіберу ұсынылды. Расталған жағдайда – осы мәселе қайта қаралуы мүмкін.

Тарасова Н.А. – ТҒӨО өңірлерімен жұмыс және сапаны бақылау басқармасының басшысы

Анықтамадағы қарама-қайшылық көрсетілген: бесінші бетте заңнама мен ішкі құжаттардың қатаң сақтаудың қажеттілігі туралы айтылады, алайда «мемлекеттік сатып алу бөлімінің мүдделері» деген ұғым күмән тудырады.

Мемлекеттік сатып алу бөлімі басқа бөлімшелердің өтінімдерін орындайды және қажеттілікті қалыптастыруға қатыспайды, демек, сатып алу процесінде өз қызығушылығы жоқ.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Орталық құрылымында заңгерді орналастыру мәселесі бойынша түсініктеме алу үшін ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне жүгіну.

2. «Мемлекеттік сатып алу бөлімінің мүдделеріне» қатысты қайшылықтар мен түсініспеушіліктерді жойып, анықтамадағы тұжырымдарды нақтылау және қайта қарау.

ТҒӨО Басқарма төрағасы

Комплаенс-офицер

Хатшы-референт

С.А. Абдрахманова

Н.А. Рахимжанов

А.Б. Даут